

## Қымбатшылық халықтың жағдайын қиындатуда

Әлемде қанша мемлекет болса, олардың өз-өз ерекшеліктері, даму жолдары мен тарихы бар. Көптеген мемлекеттің басты мақсаты – даму. Даму – дегеніміз инфрақұрылым мен биік ғимараттар, техниканың жаңа түрлерімен ғана өлшенбейді. Барлық сатылы жан-жақты даму. Соның ішінде халқының жағдайы жақсару. Өмір сүруін жеңілдету ең басты мақсат болуға тиіс. Дамыған елдердің көбінде халқының жағдайына көбірек көңіл бөледі. Елдің ішкі ресурстарын ұтымды пайдаланады. Халқының ешнәрседен таршылық көрмей өмір сүруін басты мақсат етеді. Отандық өндірістер мен отандық өнімдерді қолдайды. Бір сөзбен айтқанда дамыс дегеніміз - халықтың бақытты өмір сүруіне бағытталған болу керек. Өкінішке орай біздің елімізде осы қағидаттар керісінше ме деген ойға қаласың? Еліміздің жері кең байтақ. Қазба байлықтарға толы. Сол байлықтарымыз вагон вагонмен шетел асып жатса да, не инвесторлардың есебінен, я болмаса мемлекет қазынасынан нәпақа алып отырғанымыз тегі белгілі. Оны былай қойғанда еліміздің шетелге қарызы басынан асады.... Басқасы басқа бүгінгі күнгі басты проблема – қымбатшылық. Еліміз тек тұтынушы мемлекет. Инеден бастап бүкіл киім-кешек, азық-түлік, құрылыс материалдары, тұтыныс тауарлары түгелдей екі көршіден импортталады. Экспортқа шығатын біраз қазба байлықтар мен малдың еті, түбіттен теріден, жүннен жасалған киімдер ғана. Ел аман жұрт тыныш кезде онша біліне қоймағанмен індет шығып, барлық ел етек-жеңін қымтап, шекарасын тарс жапқан тұста-ақ түсіне бастадық. Егер Қытай мен Орыспен байланысымыз үзілсе, шыны керек іш киімсіз қалатынымызды ұқтық-ау деймін.

Сонымен қатар Еліміздің экономикасына Орыс пен Қытай сияқты алып екі көршіміздің жағдайы тікелей байланыста екенін бұл жолғы Ресей Украин соғысы айқын дәлел бола алады. Өндірісі бар мемлекеттер үшін жағдай бірқалыпты. Ал, бізде керісінше. Кісінікінің кілті аспанда болып, Қытайға күнде шапқылайтын саудагерлеріміз аттап баса алмай қалды. Індеттің алдындағы кезді «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман» ретінде

есептейтін болдық. Әсіресе дүкендерге кіргенде. Дүкен сөресіндегі заттардың бағасын көрсен ішің ұдай ашиды. Ашымай қайтсін? Біздің алатын 500 мың төгрөг зейнетақымыз бен жалақымыз қай бір жыртқығымызды жамасын?! Бір қап ұнның бағасы -100 мың төгрөг, көмірдің тоннасы -150 мың төгрөг. Осы екеуін алғанда-ақ ақшамыздың арты көрініп жатқан жоқ па?! Енді осы қымбатшылықта халық қалай жан сақтап отыр?! Жалпы олардың пікірі қандай деген сауалдар төңірегінде ауыл үйлерді араладық. Біз алғаш барған үйде жасы алпысты алқымдаған ана шығып қарсы алды. Цэвэлсүрэн Цэнгэл сұмыны алтыншы бағының тұрғыны. Өлгий орталығына немерелерін оқыту үшін келіп отырғанын айтады. Нарықтың үрдісі халықтың тұрмысына нәдуір әсер еткен.

Қазіргі таңда ең қажетті ғана заттарымызды сатып аламыз. Артық бір тиын ұстамаймыз дейді Цэвэлсүрэн. Бұдан шығып көше аралап жүріп жаңадан салынып біткен үйге кез болдық. Үйге кіріп, отағасымен аз-кем сөйлестік. Оның айтуынша малшылардың да жағдайы мәз емес. Өзі Бұлған сұмынында жасынан мал шаруашылығымен айналысқан. Жердің көктемсеуі, мал басының шығындалуы салдарынан бұл азамат та Өлгийдің орталығын сағалаған. Бар малымды сатып, үй салып осында орналасып жатырмын дейді жігіт ағасы. Бір байқағанымыз – халықтың, әсіресе көп балалы, жас отбасылардың сүйенгені баланың 100 мың төгрөгі. Егер мына қымбатшылықта баланың ақшасы берілмейтін болса, қанша адамның көшеде қайыр сұрарын ешкім есептей алмайды. Не болса да, көппен бірге көрген ұлы той, деніміз сау, басымыз аман болсын дегеннен басқа айтар сөзіміз де қалмағандай....



## КӘСІБИ БАҒДАР БАҒЫТЫНДА БІЛІМ АЛУДЫҢ БАСЫМДЫҒЫ

Отанына адал қызмет ету – әрбір адамның қасиетті парызы. Отанын сүйген азамат өз еліне пайдалы қызмет еткісі келеді. Әрине, мектеп түлектерін, талапкерлерді мазалайтын бір өзекті сұрақ бар. Ол – болашақ мамандығын таңдау мәселесі? «Еліміздің өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді. Бірақ еліміздің болашағы үшін кім болғаным дұрыс», деген сұрақтар оларды мазасын алады. Мамандық таңдау оңай шаруа емес. Себебі мамандық – адамның өмірлік серігі. Мамандық адамның өмірлік таңдауы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының танытушыларының да алғаш келгенде осы сұрақ толғандырады. Атамекеніміз ана тілімізде білім алсам деген арманмен келген қандастарды, өз еліңде білім алу мақсатында, атажұртқа тартты да тұрды». «Ал үлкен арманның жетегімен Қазақстанға келген, қазір қазақтың қара шаңырағы атанған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде білім алып жүрген отандастар, ҚХР, Өзбекстан, Түркіменстан, Монғолиядан арман қуып келіп жатқан жастар ағылуда. ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздары құжаттарды қабылдау барысында отандық білім беру саласындағы сан түрлі мамандықтармен таныстырғанда, әр таңдаушы өздерінің пікірін өзгертпін, керекті мамандық таңдауға нақты шешімдерін жасайды. Бұл шешім үлкен өмірдегі игі бастамаларды жүзеге асыруға қол жеткізе аласың деген сөз. Дайындық кафедрасында тыңдаушылар негізгі пәндер бойынша ана тілімізде қарқынды оқыту жүйесімен орта білім алумен қатар, болашақ мамандығы бойынша да бағыт-бағдар алады.

Кафедра оқытушылары мен куратор-эдвайзерлер «Мамандықтың бәрі жақсы», «Мың түрлі мамандық», «Бүгінгі студент – ертеңгі маман» деген тақырыптарды кәсіби-танымдық іс-шаралар өткізеді. Мамандықтарымен терең таныстыру мақсатында болашақ білім ордаларының факультеттеріне, жұмыс орындарына танымдық саяхат сабақтарын ұйымдастырады. Мамандық бойынша кәсіби бағдар бере оқытудың өзіндік басымдығы бар, білім алушылар, болашақ мамандығы туралы қажетті ақпараттар да алады. Кәсіби-танымдық саяхат сабақтары мамандықпен жақын танысуына мүмкіндік береді. Кәсіби-танымдық сабағында осы мамандық иелері бізге өздерінің жұмыстары туралы, бұл мамандық иелерінің келешекте қандай перспективалар күтіп тұрғандығы туралы әңгімелеп берді. Болашақ мамандығының қыры мен сырын жете түсіну арқылы, талапкерлер бұл жұмыстың артықшылықтары мен өзіндік қиындықтары да болатынын түсінеді. Әрине, еңбек жолында ең жетістікке жетелейтін негізгі фактор – кәсіби бағдарлық жүйемен терең білім алу, себебі сапалы білім алған бүгінгі студент - ертеңгі білікті маман. Өмірден өз жолын тапқан адам – бақытты жан. Кәсіби бағдармен білім беру басымдығы стратегиялық маңызы зор оқу жүйесі болып табылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушылары:  
Сандықбаева Ө.Д., Тойғанбекова М.Ш., Нұртілеуова С.Р

### ХУЧИНГҮЙД ТООЦОВ

- Берген овогтой Райымбекийн Алтай сумд байршилтай 03011177 нэгж талбартай, 003504117 тоот Газар эзэмших эрхийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул хүчингүйд тооцов.
- Цогтбаяр овогтой Одбаярын 49-51 УАК улсын дугаартай Volvo-FH440 маркийн автомашины 03561137 дугаартай, Ц.Одбаярын 00-51 ТЧ улсын дугаартай Lamberet загварын чиргүүлгийн 03776810 дугаартай тээврийн хэрэгслийн гэрчилгээ тус тус үрэгдүүлсэн тул...
- Нурлан овогтой Мадигийн 62-49 БӨУ улсын дугаартай Toyota-Estima маркийн автомашины 04117050 дугаартай тээврийн хэрэгслийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул....
- Доржготов овогтой Батболдын 86-18 УАХ улсын дугаартай Mitsubishi-Delika маркийн автомашины 04117192 дугаартай тээврийн хэрэгслийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул...

- Болатхан овогтой Бахытбекийн 97-58 ТЧ улсын дугаартай тээврийн чиргүүлгийн 03860759 дугаартай тээврийн хэрэгслийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул...
- Ныгмет овогтой Жардембекийн Баян-Өлгий аймгийн Улаанхус сумын 4-багт байршилтай Y-0211000129 дугаартай Газар эзэмших эрхийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул хүчингүйд тооцов.
- Харжаубай овогтой Шамегийн 01-23 БӨТ улсын дугаартай Honda-Civic маркийн автомашины 03860221 дугаартай тээврийн хэрэгслийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул...
- Баатарбек овогтой Нуржаны 00-89 БӨН улсын дугаартай Toyota Prius-20 маркийн 02833278 дугаартай тээврийн хэрэгслийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул....
- Аят овогтой Хайратын 35-01 БӨТ улсын дугаартай Toyota Highlander маркийн автомашины ТЯ6350203 дугаартай тээврийн хэрэгслийн гэрчилгээ үрэгдүүлсэн тул....

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң Қазақстан Республикасын көптеген мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар мойындап, саяси-дипломатиялық қатынастар қалыптаса бастады. Еліміздің халықаралық қауымдастыққа енуі қарқын алып, сыртқы саясатының негізгі мақсаттары белгіленді. Қазіргі заман талабы Қазақстан Республикасын шетелдерге танытуда тек ресми іс-шаралар мен мемлекет басшылары деңгейіндегі қарым-қатынастарды ғана емес, қарапайым қоғам деңгейіндегі ынтымақтастықты, білім-ғылым саласын дамытуды талап етеді. Осы тұрғыда Қазақстан мен көрші Қытай мемлекеті арасында тығыз байланыстар орнап, олар жоғары оқу орындары деңгейінде де жүзеге асуда. Мәселен Қазақстан мен Қытай тарихшылары бірлесіп, тарих саласында үлкен жұмыстар атқарды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан құрылған «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығының» директоры болған, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбековтың бастамасымен Қазақстан мен Қытай ғалымдары екі ел арасындағы байланыстарды нығайтып, болашақта бірігіп жұмыс жасау мәселесін талқылау үшін бірнеше рет дөңгелек үстел өткізіп, жаңа ғылыми ізденістер туралы пікір алмасқан болатын. Оған тарих, археология және этнология факультетінің белді ғалымдары мен оқытушылары, Қытай елінен Жақып Мырзаханұлы, Шыңжаңдағы Қоғамдық ғылымдар академиясы президентінің орынбасары Тянь Вэйцзян, Қоғамдық ғылымдар академиясы Тарих институтының директоры Цзя Цунцзян қатысып, бүгінгі таңдағы тарих ғылымының негізгі мәселелерін талқыға салды. Мұнда Қазақстан мен Қытай елдерінің ежелден бергі тарихи байланыстарының бастаулары сөз болып, екі ел арасындағы саяси, экономикалық қатынастар сарапқа салынды. Қытай ғалымдары сол елдегі аз ұлттардың, әсіресе, қазақ, ұйғыр, дүңгендердің Шыңжаңның 1000 кітаптан тұратын ежелден бүгінге дейінгі тарихына арналған еңбегін жариялауға атсалысқан.

Сонымен қатар қазақ тарихына қатысты деректерді аударып, жариялауға өзіндік үлестерін қосқан. Зерттеуші Тянь Вэйцзянның мәлімдеуінше, қазақтар мен қытайлар арасындағы этноаумақ жайлы түрлі пікірталастар бар. Бұл осы мәселені ғылыми тұрғыда саралап, бірігіп зерттеулер

жүргізіп, ортақ шешімге келуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі екендігін атады. Ғасырлар қойнауына үнілер болсақ, көрші Қытай шекаралас мемлекет ретінде ата-бабаларымызбен достық, ынтымақта болғанына көз жеткіземіз. Тарихымызға қатысты көптеген деректерді сол ел мұрағатында мол екені баршаға аян. Сол мұрағаттық деректерге қызығушылық ғалымдар тарапынан шамамен осыдан үш ғасыр бұрын пайда болған. Ол деректерді өз кезінде зерттеушілер батыс еуропа және орыс тілдеріне аударған. Ал қазақ тіліне аудару мәселесі енді ғана қолға алынып жатыр. Кейбір құнды деректер әлі де өз зерттеушісін күтуде.

Жиын қорытындысында біздің зерттеушілер Қытай ғалымдарымен тарихтың түйінді мәселелері бойынша тығыз ғылыми байланыс орнатып, табысты жұмыстар жүргізу туралы келісімге келді. Қытай тарихшылары мен Қазақстан ғалымдары Мемлекеттік "Мәдени мұра" бағдарламасы бойынша да "Қазақ тарихы Қытай деректерінде" деп аталатын бірнеше томдық еңбектерді жариялаған болатын. Бұл қазақ тарихына қосылған құнды еңбектер деп айтуға болады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан құрылған "Конфуций" институты да білім мен мәдени байланысты орнатуда маңызды рөлді атқаруда. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы Конфуций институты Қазақстан Республикасындағы қытай тілінен мамандарды дайындаудың жетекші орталығы болып табылады. Конфуций институты 2002 жылы құрылған ҚазҰУ-н қытай тілі орталығы негізінде қайта ашылған, ҚазҰУ (ҚР) мен Ланжоу университетінің (ҚХР) көпжылдық әріптестігінің және бірлескен күшінің нәтижесі болып табылады. 2009 жылы 23 ақпанда ресми түрде Конфуций институтының салтанатты ашылу рәсімі болды. Конфуций институтының мақсаты: Қытай тілін үйрете отырып қазақстандықтарды әр саладағы қажеттіліктеріне жеткізу. Қытай тілін, әдебиетін үйренем деушілерге мүмкіншілік тудырып, Қазақстанда қытай тілін үйретудің деңгейін көтеру болып табылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Тарих факультеті Тасилова Н.А.  
ЖОО-дейінгі білім беру факультеті  
аға оқытушысы Ибрагимов М.Н.  
Журналистика факультеті, PhD  
докторы Тасилова А.А.

## ЖАҢА ДӘУІР

2022 жыл. 10 ай

Құрылтайшы:

Баян-Өлгий аймақтық

Бұқаралық ақпарат орталығы

E-mail: Erkinbek\_2006@yahoo.com

Директор: **Оспан НӘБИҰЛЫ**  
Бас редактор: **Ербақыт НУСПҰЛЫ**  
Дизайнер: **Еркінбек БӨДЕНҰЛЫ**  
Тіліші: **Айбота ӘЛЕЙХАНҚЫЗЫ**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Газетке берілетін мақала 3 беттен (қаріп түрі Times New Roman, шрифт 14) аспауы, қағаз және электрондық нұсқасымен коса берілуі керек. Қолжазба қайтарылмайды. Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсатын алуы қажет.

Газет Моңғолия Заң Министрлігінде тіркелін,  
№91 куәлік алған. Мекен-жайы: Бұқаралық ақпарат орталығы.  
Телефондар: 99429961, 94781797, 99419690